

Қарттарын қадірлеген - ел ардақты

Аудан жастары игі бастаманы қолға алды

Қарттарға көмек көрсету – қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған қариялар, жалғыздікті ақсақалдардың жағдайын жасап, әлеуметтік, тұрмыстық көмек көрсету, көмек қолын созу басты парыздарымыздың бірі. Осы мақсатта аудандық Жастар орталығы өз жұмысын тоқтатқан емес. Жыл басталғалы орталықтың жігерлі еріктілері қызу жұмысқа кірісті. Қарттарымыздың ауласын қардан тазарту, зейнеткерлер мен жалғыз басты аналарға жәрдем етуге жастарымыз – сүбелі үлес қосуда.

Өткен аптада аталмыш орталық қызметкерлерінің ұйымдастыруымен аудан орталығында «Қарлы десант» акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты – жалғызбасты қарттар мен мүгедек жандарға көмек қолын созу болды. Осы орайда, орталық қызметкерлері, еріктілер және Кәмшат Дөненбаева атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері мен аудандық пробацция қызметі асыл қарттарымызға көмек көрсетуге бағытталған «Қарлы десант» акциясына белсенді түрде ат салысты. Бірнеше күннің ішінде ауданымыздың жалғыз басты қарттары мен зейнеткерлеріне көмек көрсетілді.



- Бұл акцияны облыстық Жастар ресурстық орталығы бастаған болатын. Бізде игі бастаманы қолға алғанды жөн санадық. Еріктілердің басты міндеті – жақсылық жасау екені бәрімізге белгілі. Акция жайлы естіген еріктілер мен студенттер аудан орталығында да аталмыш акцияны өткізгенді жөн санады. Аудандық пробацция қызметі де бұл шараның өткізілуіне үлкен қолдау білдірді. Қарттарымыздың ауласын қардан тазартып, үлкендердің ризашылығын алдық. Біраз шаруаны тындырған біздің еріктілерге қарттар алғыстарын

жаудырып, парасаттылық жолынан таймай, мерейлерінің үстем болуын тілесті. Осылайша ақ батаға кенеліп, сауапты іс жасадық. Алға қойған жоспарымыз анық, алдағы уақытта талай жақсылық жасармыз, - дейді орталық әдіскері Әли Кендірбаев.

Облыстық Жастар орталығының мұрындық болуымен бастау алып, қазіргі таңда барлық аудан-ауылдарда өткізіліп жатқан іс-шара алдағы күндерде жалғасын табатын болады. Жақсылық жасаймын, мұқтаж жандарға көмек қолымды созамын деген жастарды аудан еріктілері

өз тобына шақырады.

Жақсылыққа жаны құмар еріктілердің бастамасы – қажырлы еңбектерінің күн санап артып келе жатқандығының дәлелі. Көпке өнеге болар жастардың арқасында игі бастамалар мен келелі істер қолға алынып келеді. Болашақта жастар акциямен шектелмей, талай биік белесті бағындырамыз деген ниетте. Қарттардың ақ батасын алған жастардың болашағы зор, жұмыстары оң болатынына біз кәміл сенеміз.

Тұрсынай
МҰХТАРҚЫЗЫ